



*Археология және этнография – Archaeology and ethnography –
Археология и этнография*

ХҒТАР 03.20.41

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-117-136>

Ғылыми мақала

Көкентау археологиялық кешеніндегі ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің аза тұту ескерткіштері

Айдын Жүнісханов¹, Арман Құрманғалиев², Олжас Мысыр³

¹Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

²Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі РМҚК, Астана, Қазақстан

³«Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан

E-mail: корреспонденция үшін автор ¹aidyn.zhuniskhanov@nu.edu.kz, ²armanqayrat2017@gmail.com,
³odaurenuly@mail.ru

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада Көкентау археологиялық ықшамауданында ежелі және ортағасырлық көшпелілердің аза тұту кешендерінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының және алынған материалдарды талқылауға бағытталған алғашқы нәтижелері ұсынылады. Ескерткіш Абай облысы Жаңасемей ауданы Көкентау ауылдық округіне қарасты Көкен тауының бөктерінде орналасқан. Авторлар бұл өңірде аза тұту ескерткіштерін анықтау, тізімдеу, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу бағытында кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқаруда. Мақала осы бағытта жасалған алғашқы қадамдардың бірі. Көкентауда алғаш рет адамдардың сакральды кеңістікті игеру тәжірибесі неолит дәуірінде қалыптаса бастаған. Ежелгі адамдар марқұмдарының есімдерін сақтау үшін жерлеу аза-тұту ескерткіштерін тұрғыза бастаған болатын. Аза тұту дәстүрінің басты элементі оба болғанымен, осы категорияға біз тас қоршауларды, меңгірлерді және тас мүсіндерді жатқызамыз. Мақала авторлары Көкентау материалдары негізінде қоғамдағы дүниетанымдық құндылықтардың өзгеруіне байланысты аза тұту ескерткіштерінің архитектуралық планиграфиясы мен ритуалдарының өзгеріп отырғандығын көрсетеді. Сегіз тастардың хронологиялық шеңбері археология ғылымында кең қолданылатын дәстүрлі салыстырмалы және радиокөміртекті анализ арқылы анықталды. Көне түркі дәуірінің қоршауларының тұрғызылу уақыты Жетісу және Саян-Алтай аумағында таралған осыған ұқсас кешендермен салыстыру арқылы анықталды.

Түйін сөздер: археология; аза тұту кешендері; көшпелілер; сегіз тас; Көкен.

Received 14.02.2024. Revised 05.05.2024. Accepted 10.05.2024. Available online 30.06.2024

For citation:

Zhuniskhanov A.S., Kurmangaliyev A.K., Mysyr O.D. Memorial Complexes of Early and Medieval Nomads of Kokentau // Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies – 2024. – Vol. 147. – No. 2. – P. 117-136. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-117-136>

Для цитирования:

Жунисханов А.С., Курманғалиев А.К., Мысыр О.Д. Поминальные комплексы ранних и средневековых кочевников Кокентау// Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение – 2024. – Т. 147. – No.2. – С. 117-136. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-117-136>

Кіріспе

Ежелгі және орта ғасырларда Еуразия даласын мекендеген көшпелі халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу ісінде аза тұту ескерткіштері маңызды деректердің бірі (Жүнісханов және т.б., 2021: 138). Аза тұту – марқұмның рухы мен құрметіне артынан қалған ұрпақтарының, руластарының және басқа қоғам мүшелерінің жасайтын рәсімдер жүйесі (Қазақтың этнографиялық категориялар..., 2011: 69). Осы ретте Көкентау өңірінің мекендеген ежелгі халықтар өздерінің ру басыларын, батырларын және руластарының рухын құрметтеп, оларды ескі алу мақсатында арнайы ескерткіштер тұрғызған. Бұндай ескерткіштер белгілі бір тәртіпке негізделіп қоғамда қалыптасқан дәстүрге негізделіп тұрғызылып отырған. Зерттеу нысанымыз болып отырған өңірде осы типтегі ескерткіштер түрлі тарихи кезеңдерде адамдардың діни-дүниетанымдық құндылықтар жүйесінің өзгеруіне байланысты, жаңа қалыптасқан жүйеге бейімделе отырып архитектуралық және кешенде атқарылатын діни-ритуалдың формасы да өзгерістерге ұшырап отырған. Бұл тәжірибе Көкентауда неолит дәуіріндегі ежелгі адамдардың өздерінің тұрғылықты жерлерін киелендіріп, қасиетті кеңістікті ұйымдастыру әрекеттерінен байқалады. Ежелгі заманнан бері аза тұту дәстүрінің басты элементі оба екендігі белгілі, дегенмен меңгірлерді, ерте темір дәуірінің сегіз тастарын, ерте сақ дәуірінің бұғы тастарын, ортағасырлық түркі тайпаларының ритуалды қоршаулары мен тас мүсіндерін де осы топқа жатқызуға болады.

Мақаламыздың өзегі болып отырған Көкентау археологиялық кешені Абай облысы Жаңасемей ауданы Көкентау ауылынан оңтүстікке қарай 30 шақырым қашықтықта Көкен тауының солтүстік бөктерінде орналасқан. Археологиялық тұрғыдан кешен салыстырмалы түрде аз зерттелген ескерткіштер қатарына жатады. Көкендегі ескерткіштер туралы алғашқы мәліметтер ХХ ғасырдың басынан бастап белгілі болғанымен (Коншин, 1903: 5), арнайы ғылыми зерттеулер ұйымдастырылмаған болатын. Шығыс Қазақстан өңіріндегі кеңестік кезеңдегі археологиялық зерттеулердің басым бөлігі Ертіс өзенінің бойында Бұқтырма, Өскемен және Шұлбі су электр станцияларының салынуына байланысты өзен бойындағы ескерткіштер апаттық-құтқару жұмыстар жүргізу арқылы зерттелді. 1991 жылы Кемерово мемлекеттік университетінің (Ресей) Семей археологиялық экспедициясы Жаңасемей ауданындағы археологиялық ескерткіштерді құжаттау және тіркеу мақсатында барлау жұмыстарын ұйымдастырады. Барлау жұмыстары Ертістің жоғары ағысы бойымен өзеннің екі жағасында орналасқан ескерткіштерді анықтаумен шектеледі. Барлау жұмыстарының нәтижесінде түрлі кезеңдермен мерзімделетін 9 қорым, 57 оба анықталады (Сулейменов, 1992: 2, 12). Байқап отырғанымыздай Абай облысының Жаңасемей ауданы аумағындағы зерттеу жұмыстарының басым бөлігі Ертіс өзенінің бойындағы ескерткіштерді анықтау ісімен шектелген. Бұл ескерткіштер тек тіркелген, олардың құжаттары дайындалмаған.

2014 жылдан бастап Көкентауда кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде (Айткали и др., 2022: 291). Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ерте неолит дәуірінің жерлеу орны анықталды. Әзірге бұл жерлеу радиокөміртекті анализ нәтижесі бойынша Қазақстандағы ең көне адам қаңқасы табылған ескерткіш

болып табылады (Доумани Дупую и др., 2023: 174, 1-кесте). Жерлеу ғұрпында бір адамның басы мен екінші бір адамның денесін қосып жерлеу салты орын алған. Қазір сүйектерге генетикалық сарапатама жұмыстары жүргізіліп жатыр. Зерттеу нәтижелері жерленген адамдардың өзара қатынастары мен неолит дәуіріндегі адамдардың діни-дүниетанымдық түсініктерін түсінуге мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Көкенде қола дәуірінің жерлеу орындары, қоныстары және жартаc бетіне қызыл жосамен салынған суреттері анықталды. Қызыл жосамен жартаc бетіне сурет салу дәстүрі жоғары Палеолиттен бастап қола дәуіріне дейін жалғасқан көне дәуірлердегі тұрақты дәстүрлердің бірі. Қан немесе отпен байланыстырылған қызыл түсті жоса өлім мен өмірдің символы ретінде түрлі діни-ритуалдық ғұрыптарда пайдаланылған (Самашев, 2023: 140-141).

Көкентаудағы жартаc бетіне салынған суреттердің сюжеттік желісінде түрлі іс-қимыл әрекетінде бейнеленген антропоморфты бейнелер, содан кейін геометриялық кескіндер мен сарындар басым болып келеді. Зооморфты бейнелер саны жағына аз. Ал, жартаc суретерінде жиі кездесетін садақпен аң аулау сюжеті мүлдем кездеспейді. Осындай сюжеттік ерекшеліктерді ескере отырып бұл суреттер қола дәуіріндегі адамдардың дүниетанымдық көзқарастарымен тығыз байланысты болуы мүмкін деп есептейміз (Samashev, 2020: 861). Біздің пайымдауымызша Көкентаудағы қызыл жосамен салынған суреттері бар үңгірлер ежелгі дәуірлерде мінәжат ететін діни-ғұрыптық кешен қызметін атқарған болуы керек.

Көкентаудағы ерте темір дәуірінің аза тұту кешендері сегіз тастар мен «мұртты» обалар арқылы белгілі. Бұл типтегі ескерткіштерді қазу нәтижесінде жануарлардың сүйектері мен қыш ыдыстардың сынықтары табылып жатады. «Мұртты» обаларды алғашқы зерттеушілердің бірі М.Қ. Қадырбаев бұларды күн культімен байланысты, тек ритуалды мәні бар ескерткіш деп санаған болатын (Маргулан, 1966: 431-432). Көкентау кешеніндегі біз зерттеген сегіз тастар ерте темір дәуірінің алғашқы кезеңіне тән. Ал «мұртты» обалар ғұн-сармат дәуірімен мерзімделеді.

Көкентау кешеніндегі көне түркілер кезеңінің мәдени кешендері арасында ерекше орынды аза тұту мақсатында тұрғызылған ескерткіштер алады. Бұл тастан тұрғызылған кішігірім қоршаулар. Олардың шығыс жақ бетінен тас мүсіндер мен балбалдар орнатылатын болған.

Байқап отырағанымыздар Көкентау археологиялық кешеніндегі ежелгі дәуір ескерткіштері байырғы дәуірлерде осы аумақты қоныстанған тұрғындардың күрделі діни-дүниетанымдық көзқарастарынан хабардар беретін негізгі деректік қор болып саналады.

Мақала авторлары Көкентаудағы аза тұту кешендерін анықтау, тізімдеу, жүйелеу, зерттеу және ғылыми айналымға енгізу бағытында жұмыстар атқаруда. Ұсынылып отырған ғылыми мақала кешенде 2021 жылы жүргізілген далалық зерттеу жұмыстары нәтижесінде анықталып, зерттелген ерте сақ және көне түркі дәуірімен мерзімделетін ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізуге бағытталған алғашқы қадамдардың бірі.

Әдістер және қазба материалдарын сипаттау

Мақалада археологиялық қазба жұмыстарының қортындысы ұсынылады. Авторлар мақалада археология және тарих ғылымында қалыптасқан деректанулық, салыстырмалы-тарихи анализ, түрлі көзқарастарды саралауда тарихи-логикалық сияқты кең тараған әдістерді қолданды. Сондай-ақ, пәнаралық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, радиокоөміртекті анализ арқылы ескерткіштің абсолюті жасын анықтады.

Кешен материалдарын саралауда ғылымилық принципті негізге ала отырып, ерте және ортағасырлық көшпелілердің аза тұту кешендеріне қатысты қалыптасқан пікірлерге эмпирикалық археология және пост-процессуалды археология әдістеріне сүйене отырып өзіміздің көзқарастарымызды бердік.

№1 Сегіз тас. Қола дәуірінің Көкен қонысынан солтүстікке қарай 1 шақырым жерде орналасқан. Ескерткіштің батыс жағында құрғап қалған жылғаның орны бар. Сегіз тас орналасқан алаң грантитті жыныстардан түзілген төбелер мен жұрнақтармен қоршалған. Ескерткіштен солтүстік-батысқа қарай 250 метр қашықтықта қызыл жосамен салынған жартас бетіне салынған ежелгі суреттері бар үңгір орналасқан. Бұл Көкентаудағы петроглифтері бар үңгірлердің арасында ең ірісі (1 сурет). Сондай-ақ, сегіз тастан батысқа қарай кішкене төбенің етегінде қоныс анықталды.



Қазбаға дейінгі барлау-ізвестіру жұмыстары кезінде екі обадан тұратын обалар тобы анықталды. Обалар солтүстік-оңтүстік бағытымен созыла орналасқан. Солтүстік бөлікте орналасқан обаға батыс жағынан жапсыра кішігірім тас құрылысты нысан салған. Сондай-ақ, обалардың бастыс жағынан екі сегіз тас табылды. Екі сегіз тастың шығыс жағындағы біреуі зерттеу үшін таңдалып алынды. Зерттелген сегіз тас шартты түрде №1 сегіз тас деп белгіледік. Төменде осы зерттелінген №1 сегіз тастың сипаттамасы беріледі.

Қазбаға дейін №1 сегіз тастың айналысында қалың қарағай болды. Сегіз тастың пішіні қазбаға дейін анық байқалды (2 сурет).



Ескерткіштің барлық тастары қазбаға дейін күндізгі жер қабатының бетінен 10-25 см шығып тұрды. Шым қабатын тазалау нәтижесінде солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша созыла орналасқан, пішіні сопақша келген тас конструкция анықталды. Қоршау орташа өлшемдері 50x30x20 және 30x20x15 см болатын сегіз тастан тұрғызылған. Қоршаудың көлемі 3x2 м. Нысанның іші топырақпен толтырылған. Қоршау тастары материктік қабатқа қойылған (3 сурет).



Қоршау ішін тазалау нәтижесінде қыш ыдыстың сынығы және белгісіз жануар сүйегінің қалдығы табылды. Бұлардан өзге қандай да бір бұйымдар мен заттар табылмады. Радиокөміртектік анализ арқылы ескерткіштің абсолютті жасын анықтау мақсатында сүйек радиокөміртекті зерттеуге жіберілді. Анализ Литва мемлекетінің астанасы Вильнюс қаласындағы Физикалық және технологиялық ғылымдар орталығы мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтында Жилвинас Ежеринскисдің жетекшілігімен жасалынды. Анализ қортындысына сәйкес ескерткіш б.д.д. VIII ғ. алғашқы ширегімен мерзімделеді (1-кесте).

Кесте 1


№1 Сегіз тас бойынша жасалынған радиокөміртектік анализдар нәтижесі

Table 1

Radiocarbon analysis results

Lab code	Monument	¹⁴ C BP	Sample	Calibrating date (1σ)	Calibrating date (2σ)
FTMCZY38-11	Көкен. №1 Сегіз тас	2481±30	сүйек	68,3% probability 756 (14,3%) 720 cal BC 708 (11,0%) 680 cal BC 670 (3,1%) 662 cal BC 653 (18,2%) 607 cal BC 596 (21,7%) 544 cal BC	95,4 % probability 773 cal BC (95,4%) 478 cal BC

Көне түркілердің қоршауы Көкен қыстағынан шығысқа қарай 1,5 км жерде Ағзам қыстағына баратын жолдың сол жағында орналасқан. Қоршаудың шығысында XIX-XX ғасырлардың бірінші ширегімен мерзімделетін Көкен уақтарының қорымы бар (4 сурет).



Қоршаудан ОШ қарай 20 метр жерде тігінен қойылған тұғыр тас бар. Тастың бетінен қандай да бір бейне, белгі және таңба жоқ. Қоршаудың солтүстігінде Қаратөбе деп аталатын адыр бар. Адырдың төбесіне геодезиялық белгі орнатылған. Бұл жерден солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша созыла орналасқан тастан үйілген обалар тобы анықталды. Солтүстік жағында орналасқан бірінші обаның шығыс жағына тұғыр тас орнатылған. Тастың жоғарғы жағы бүлінушілікке ұшыраған. Бір обаның шығыс жағында бас жағы сындырылған тас мүсін бар.

Қазбаға дейін қоршау жоспарда әлемнің төрт бұрышына бағытталған конструкция болды (5 сурет).



Конструкция тастары сыртқа қарай шалқая орналасқан. Қоршаудың қазбаға дейінгі көлемі 247x230 см. Қоршаудың шығыс жағына тұғыр тас қойылған. Тұғыр тастың жоғарғы жағы сындырылған. Тұғыр тас жәшікке қарай құлап кеткен. Тұғыр тастың шығыс жағынан 4,5 метр жерге балбал тас қойылған. Балбал тас күндізгі жер қабатынан 15 см шығып тұр.

Сондай-ақ, қазбаға дейін қоршаудан солтүстікке қарай 61 см қашықтықта көлемі 82x40x19 см болатын тақта тастың сынығы жатты. Қоршаудың осы бөлігінде жүргізілген тазалау жұмыстары кезінде тағы бір тақта тас табылды. Тақта тастың ұшы күндізгі жер қабатынан 5 см шығып жатты. Бұл тақта тастың астынан тағы бір тақта тас табылды.

Қоршаудың батыс жақ қабырғасынан 30 см жерден көлемі 48x60x13 см болатын тағы бір тақта тас сынығы анықталды. Оңтүстік қабырғадан 1 метр жерде өлшемдері 98x2x16 см, пішіні тіктөртбұрышты тұғыр тас сияқты тас орналасқан.

Нысанның конструкциялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында көлемі 6x5 м болатын қазба салынды.

Қоршаудың шым қабатын тазалау барысында солтүстік қабырғаның бойындағы тұғыр тас толықтай тазаланды. Тұғыр тас пен солтүстік қабырғаның арасындағы кеңістік орташа өлшемдері 19x10x6,5 см болатын тастармен толтырылған (6 сурет).



Тастар алғашында жәшіктің қабырға тастарын ұстап тұрған бекітпе тас қызметін атқарған болуы мүмкін. Қоршаудың ОБ қабырғасынан 28 см қашықтықта пішіні сопақша, өңделмеген тас табылды. Тастың өлшемдері 37x28x8 см. Тұра осындай пішіндегідей тас қоршаудың қарама-қарсы бөлігінен де табылды.

Қоршаудың ішінен солтүстік қабырғаның іргесінен қызыл түсті граниттен өңделіп жасалған шығыс-батыс бағытымен орналасқан тұғыр тасқа ұқсас тас табылды. Тастың өлшемдері 27x21x9 см. Қоршаудың шым қабатын тазалағаннан соң орташа өлшемдері 21x10x5 см болатын тастармен бетін толықтай жапқандығы анықталды. Қоршаудың ортасына өлшемдері 66x32x16 см тасты қырынан қойған. Қоршаудың іші сары топырақпен толтырылған. Қоршаудың ішіннен қандай да бір зат табылмады. Тек жәшіктің түбінен солтүстік қабырғадан 30 см, шығыс қабырғадан 70 см, батыс қабырғадан 80 см қашықтықтан өлшемдері 20x15x5 см ірі түйіршікті гранит тас табылды (7 сурет).



Қоршаудың іші мен сыртын толықтай тазалағаннан соң тігінен қойылған тақта тастардан түзілген тас конструкция анықталды. Қоршаудың ішкі қабырғаларының өлшемдері СО – 153 см, ШБ – 155 см құрады.

Қоршаудың ішінен қандай да бір заттар табылмады.

Қоршаулар. Көкен тауының орталық бөлігіндегі Үш айыр тауының етегінде орналасқан. Ескерткіштің батыс жағы теректер өскен орманмен, ал басқа бөліктері гранитті жыныстардан түзілген төбелермен қоршалған (8 сурет).



Қоршаулардан солтүстік-шығысынан елу-алпыс метр жердегі үңгірде қызыл жосамен салынған ежелгі суреттер бар (9 сурет).



Қоршаулар көктем мезгілінде таудан еріген су ағатын арнаның бойында тұрғызылған. Сондықтан да қоршаулардың беткі қабаттарын шым қалың басқан. Қазбаға дейін жүргізілген барлау жұмыстары кезінде күндізгі жер қабатынынан шамамен 3-5 см шығып жатқан жекелеген тастар анықталды. Осы тастардың негізінде төрт қоршау табылды. Қоршаулар солтүстік-оңтүстік бағытымен созыла орналасқан. Қоршауларды нөмірлеу солтүстіктен оңтүстікке қарай жүргізілді. Төменде қазылған қоршаулардың сипаттамалары беріледі.

№1 қоршау. Қазбаға дейін қоршаудың беткі тастары күндізгі жер қабатының үстіне шығып жатты. Тас құрылысты толықтай аршып тазалау мақсатында көлемі 7,3х6,7 м болатын қазба салынды. Шым қабатын тазалағаннан соң өлшемдері 4,6х4,3 м құрайтын сопақша пішінді тас құрылыс анықталды (10 сурет).



Қоршау орташа өлшемдері 85x60, 80x60,70x60, 80x60, 80x45, 80x60 және 60x70 см болатын гранит тастардан тұрғызылған. Қоршау тастары радиалды қойылып, жоспарда күннің шуақтарына ұқсайды. Қоршаудың ішкі өлшемдері 3,6x3,1 м. Қоршаудың іші сары топырақпен толтырылған. Қоршаудың ішінде жүргізілген тазалау жұмыстары нәтижесінде мола шұңқырының іздері анықталмады.

№1 және 2 қоршаулар. Қазбаға дейінгі зерттеу жұмыстары кезінде Phantom IV дронының көмегімен түсірілген суреттерден алынған мәліметтерге сәйкес солтүстік-оңтүстік бағытымен созыла, бір-біріне түйісе орналасқан тас құрылыс анықталды. Бұл қоршауларды біз шартты түрде №1 және 2 қоршаулар деп нөмерледік.

Қоршауды толыққанды ашу мақсатында көлемі 12x10 м қазба салынды. Қазба нәтижесінде шеңбер пішінді тас құрылыс толық тазаланып аршылды (11 сурет). Қоршау СШ-ОБ бағыты бойымен созыла орналасқан. Жоспарда сопақша келген. Қоршаудың сыртқы өлшемдері 5,3x5,4 м ал ішкі өлшемдері 4,6x4,4 м құрады. Қоршау тастары радиалды қойылған. Жоспарда күннің шапақтарына ұқсайды. Тастардың орташа өлшемдері 50x60, 50x25, 10x40,30x50,50x40 см аралығында. Қоршаудың іші қара топырақпен толтырылған. Қоршаудың ішінде жүргізілген тазалау жұмыстары нәтижесінде қандай да бір заттар табылмады.

№2 қоршауды шым қабатынан толықтай тазалағаннан соң көлемі 5,2x5,4 м болатын сопақша пішінді тас құрылыс анықталды. Тас құрылыс орташа өлшемдері 90x50, 90x40, 70x60, 60,50, 40x60 см болатын гранит тастардан тұрғызылған. Қоршаудың батыс жағында өлшемдері 115x30x11 см болатын меңгір тас анықталды. Меңгір таста қандайда бір белгілер, таңбалар, суреттер кездеспейді. Қоршаудың іші сары топырақпен толтырылған. Қоршаудың ішінде жүргізілген тазалау жұмыстары нәтижесінде қандай да бір заттар табылмады.

Талқылау

Мақалада қарастырылған аза тұту ескерткіштері ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің діни дүниетанымдарынан хабардар беретін дерек.

Ерте сақ кезеңінен бастап Еуразияның далалық бөлігінде обалардың маңына археологиялық әдебиетте «аза тұту кешені» (*поминальники*), «құрбандық шеңберлер» (*жертвенные круги*) (Бейсенов, 2015: 96), «шеңбер тәріздес қалаулар» (*кольцеобразные выкладки*) (Адрианов, 1916: 56) деп аталатын тастан аза тұту кешендерін тұрғызатын болған. Сегіз тастар деп аталатын ескерткіш түрі 1911 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданындағы Майемер жазығында А.В. Адриановтың жүргізген зерттеу жұмыстары арқылы ғылымға енді. А.В. Адрианов бұндай ескерткіштер тобын құрбандық шалу орындары болуы мүмкін деген болжамды алғашқылардың бірі болып жасайды. Осы ескерткіштерді қазу барысында бірінің ішінен қоладан жасалған ат-әбзелдері және тағы бірқатар заттар жиынтығы табылады (Адрианов, 1916: 56). Бұл заттарды М.П. Грязнов өзінің «Памятники Майемерского этапа эпохи ранних кочевников на Алтай» атты мақаласында таулы Алтай мен Шығыс Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуірінің алғашқы уақытын Майемер кезеңі деп бөлуді ұсынған тұжырымдамасын негіздеуде пайдаланады (Грязнов, 1947: 9).

Адрианов А.В. кешеннен табылған заттар обаларды тонаған ұрлықшылардың уақытша жасырған көмбесі болуы мүмкін деген ой айтады (Адрианов, 1916: 56). Грязнов М.П. бұл заттар сол жердегі обалардан алынған деген ойын өз мақаласында келтіріп (Грязнов, 1947: 11) Адриановтың пікірін қолдайды.

Біздің қолымызда Шығыс Қазақстан облысындағы Қарақаба қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде сегіз тастарды қазу барысында табылған ат-әбзелдерінен тұратын көмбе (Самашев и др., 2014: 208-211) және Орталық Қазақстандағы Бақыбұлақ қорымының №4 қоршауынан табылған ат-әбзелдері бойынша материалдар бар (Бейсенов, 2015: 99-100).

Бұл материалдар сегіз тастардан табылған заттар кешені обаларды тонау нәтижесінде ұрланған заттарды уақытша жасырған деген пікірдің ойға қонымсыздығын көрсетеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, ежелгі көшпелілер дәуірінде жылқы культінің кең етек жайып таралуы, жылқыға қатысы бар барлық бұйымдардың киеленуіне әкеледі. Сондай-ақ, бұл заттар өте құнды болғандықтан ауқатты адамдар қоладан жасалған ат-әбзелдерін және т.б. алтын-күмістан жасалған қазыналырын сақтау үшін жерге көміп, құпия сақтағанға ұқсайды. Бірақ, кейін өздері дүниеден кеткеннен соң ұмыт болып қалған. Қазақ этнографиясының мәліметтеріне арқа сүйер болсақ көмбе үшін өзге адамдардың көзіне тез түсе қоймайтындай, су шайып бүлдірмейтіндей жерлер таңдалғандығын аңғарамыз. Қазақта «көмілген алтын-күмістер жердің астына батып кетеді» деген ұғым болғандықтан, ондай бұйымдарды киізге орап немесе қыш құмыраға, сандықшаға салып көмген (Қазақтың этнографиялық категориялар..., 2012: 191,).

Осы ретті біз Г.С. Джумабекованың көмбе жасырылған жерлер көне дәуірлерде белгілі бір салт-жоралғылар атқарылған қасиетті жер болуы (Джумабекова и др., 2013: 68) мүмкін деген пікірін қолдаймыз.

Біз зерттеген сегіз тастан қандай да бір металдан жасалған бұйымдар табылмады. Тек белгісіз жануардың сүйегі мен қыш ыдыстың сынығы шықты. Сүйекке жасалған радиокөміртектік анализ қортындылары бұл ескерткіштің нақты жасын анықтауға мүмкіншілік берді. Осы анализ қортындысына сүйене отырып біз ерте сақ уақытында адамдар бұл жерді құрбандық шалып, кішігірім ас беріп таза салт-жоралғылық мақсатта пайдаланған болуы керек деген қортындыға келіп отырмыз.

Бұл сегіз тастардан ат-әбзелдерінің, қару-жарақ үлгілерінің табылмауы Көкен тауын мекендегін сақ кезеңі тайпаларының шаруашылығына, әскери ісіне қатысты мәселені көтеруге негіз бола алады. Жартас бетіндегі суреттерді аңшылық сахнасының болмауы, жерлеу орындарынан қару-жарақтардың шықпауы Көкеннің ежелгі заманнан бері киелі жер болып, тек діни – ритуалдар жасалатын орталық болғандығының көрсеткіші болуы мүмкін. Бұл бағытта әлі де терең зерттеулерді жүргізу қажет.

Ежелгі адамдардың діни-наным сенімдерін, дүниетанымдық көзқарастарын зерттеу ісінде жаратылыс тану ғылымдарының әдістерін пайдалана отырып зерттемесе қате тұжырымдар жасалып, ерте көшпелілердің мәдениеттеріне қатысты қате пікір қалыптасып кетуі мүмкін.

Орталық Қазақстандағы Ақбент қорымындағы осындай сегіз тастан табылған сүйекке жасалған радиокөміртекті анализ сүйектің XV-XVII ғасырлар аралығында қалдырылғаны

анықталды. Қазба авторы Бейсенов А. «Сүйекке анализ жасатпағанымызда, біз ежелгі замандарда осы жерде адамдар бір ритуал жасаған екен деген тұжырым жасаушы» едік дейді (Бейсенов, 2015: 98).

Сегізтастанбөлектағыдазерттелгенқоршауларданескерткіштіңнақтыхронологиялық шегін анықтауға мүмкіншілік беретін қандай да бір заттай деректер табылмады. Біздің ойымызша ескерткішті көне түркі дәуірімен яғни б.д. I мыңжылдығының II жартысымен мерзімдеуге болады. Бұндай ескерткіштердің қалыптасуын археологиялық және жазба ескерткіштері негізінде саралап, зерттеген кейбір ғалымдар түркі этносының генезисімен байланыстырады (Матренин, 2006: 206). Біздің мұндай хронологиялық кезеңді алып отырғанымыз Шығыс Қазақстандағы Шыңғыстау мен Саян-Алтая аумағында зерттелген осындай төртбұрышты және жалғыз тұрған ескерткіштер құрылыс сипаттарымен байланысты. Бұндай құрылыстың негізгі ерекшеліктеріне кешеннің шығыс жағына тас мүсін не балбалдың қойылуы, қоршау ішінде діңгектерді орнатқан шұңқыр іздерінің болуын жатқызуға болады. Жақын маңда ағаш болмаған жағдайда, ағаштың орнына тұғыр тас орнататын болған (Кубарев и др., 2023: 82). Екеуі де көне түркілік дүниетанымдағы әлемдік ағаштың нышаны болғанға ұқсайды.

Біз зерттеген нысанда қоршау ішінен діңгектерді орнатқан шұңқыр іздері анықталмады. Бірақ, тонаушылық әрекеттердің нәтижесінде оңтүстігінен және солтүстік тараптарының сыртқа шығарылып тастаған екі тұғыр тас анықталды. Тастарда қандай да бір сурет, таңба не бейне салынбаған. Қоршаудың сыртындағы біз балбал деп сипаттап жазған тас әуел баста тас мүсін де болуы мүмкін. Кейін бас жағын сынып, тек жерге қазылып орнатылған астыңғы жағы ғана сақталып қалған.

Жалпы қоршауды бүлдіру, тастарды қиратып, әрі-бері тасуға қатысты бірнеше себепті айта аламыз. Бірінші себеп, Академик В.В. Бартольдтың пікіріне негізделген. Ғалым Моңғол шапқыншылығы нәтижесінде Еуразия даласындағы көптеген көне түркілердің тас мүсіндерінің бастары әдейі шабылды дейді. Академик олардың сенімдерінде марқұмдардың бейнелері, тірі адамдарға зиян тигізеді деген көзқарастың болғандығын келтіреді (Бартольд, 1993: 14). Бұл пікірді археологиялық қазба материалдары да қуаттай түседі. Археолог ғалымдарда моңғол шапқыншылығы салдарынан қыпшақ аристократиясы жойылады және осы уақыттан бастап тас мүсіндерді қою дәстүрі жойылғандығын келтіреді (Швецов, 1980: 200).

Екінші себеп тас мүсіннің үстіңгі жағы уақыт өте келе сынып қалды, оны жергілікті қазақтар құрылыс материалдары ретінде қайта пайдаланды. 1909 жылы Зайсан ауданына қарасты Шілікті жазығында қазба жұмыстарын жүргізу барысында Семейлік Гидротехник Г.И. Бокий жақсы сақталған тас мүсін тауып алады. Тас мүсінде Шаған-оба ауылындағы бір шаруаның үйіне сақтауға қалдырып кетеді. Келесі жылы мүсінді алып кетуге арнайы келгенде, шаруа оны үйдің іргетасына пайдаланып жібергендігін айтады (Отчет о деятельности..., 1912: 45). Сондай-ақ, бұндай фактілер патшалық заманда ғана емес, кеңестік кезеңде де кең етек жайған факт. Мысалға Тарбағатайдағы Елекесазы жайлауындағы көне түркілердің ғұрыптық ескерткішінен алынған деп есептелінетін қағандық тас мүсінді жергілікті халық өткелдерге қойып, «Сен батыр болсан, менде

батырмын» деп басып шапқандығы айтылады. Бүгінде мүсін Астана қаласындағы Ұлттық музейде сақтаулы, бірақ бас жоқ.

Біздің ойымызша кейбір тас мүсіндердің бастарының шабылуына екі факторда белгілі деңгейде әсер еткен болуы мүмкін. Кейбір зерттеушілердің еңбектерінде айтылатын Исламизация үдерісінің нәтижесінде тас мүсіндердің жойылуы туралы пікірді әзірге толыққанды қолдай алмаймыз.

Қортынды

Мақалада ұсынылған ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің діни-танымдарынан хабардар беретін аза-тұту ескерткіштері Шығыс Қазақстан және іргелес аймақтардағы осы типтегі ескерткіштердің мәліметтер қорын жасақтауға, сол арқылы болашақта ірі ғылыми зерттеулер жасап, Көкентау аймағын мекендеген ежелгі және ортағасырлық халықтардың діни-дүниетанымдық көзқарастарының реконструкциясын жасауға мүмкіншілік береді. Сондай-ақ, осы бағыттағы зерттеулер Еуразияның далалық белдеуін қоныс еткен сақ және көне түркі дәуірінің көшпелілер арасындағы сабақтастық мәселесін жаңа қырынан яғни жаратылыстану ғылымдарының әдістеріне сүйене отырып зерттеуге мүмкіншіліктер ашады.

Көкентау археологиялық кешен аумағында неолит дәуірінен бастап этнографиялық кезеңге дейінгі жерлеу орындарының болуы, қызыл жосамен салынған жартастас бетіндегі суреттердің көптігі және қола дәуірінен бастап ХІХ ғасырдағы қазақ қыстауларының табылуы өңірдің ғылыми үлкен әлеуеті бар екендігін көрсетеді.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру аясында дайындалды. Жоба атауы «Көкентау археологиялық кешені: тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін кешенді зерттеу». ЖТН АР19678440

Авторлардың қосқан үлесі

А. Жүнісханов археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп мақалада ұсынылған нысандарды анықтап тапты, ескерткіштерде жүргізілген қазба жұмыстарын басқарды, ескерткіштерді ұшқышсыз ұшу аппараты арқылы түсіріп, оны PhotoShop бағдарламасының көмегімен өңдеу жұмыстарын атқарды.

А. Құрманғалиев ескерткіштерді тікелей қазу жұмыстарына қатысып, археологиялық қазба әдістерінің сақталуын қадағалады, ескерткіштің фотосуреттерін түсіріп, зерттелген нысандардың сипаттамасын жасады.

О. Мысыр дайындалған мәтінге түзетулер мен өзгертулер енгізді. Фотосуреттерді өңдеу жұмыстарына қатысты.

Кіріспе, талқылау және қортынды бөлімдерін А. Жүнісханов жазды. Әдістер мен қазба материалдарын сипаттау бөлімін А. Жүнісханов, А. Құрманғалиев және О. Мысыр бірігіп жазды. Мақаланың аннотациясы және оның аудармалары О. Мысыр тарапынан дайындалды. Әдебиеттер тізімін реттеу, журнал талаптарына сай дайындау жұмыстарын А. Құрманғалиев жасады.

Зерттелген ескерткіштердің абсолютті жасын пәнаралық зерттеу қортындыларына сүйене отырып шығару үшін шетелдік зертханаларға үлгілерді жіберу, алынған қортындыларымен жұмыс жасап, ғылыми қортындыны А. Жүнісханов жасады. Зерттеу жұмыстарының қортындысында Көкентау өңірінің байырғы тұрғындарының діни-ритуалды практикаларынан хабардар беретін бірегей материалдар алынды.

Мәтінді теру жұмыстарын А. Құрманғалиев, ғылыми рецензенттердің сын-ескертпелерімен жұмысты А. Жүнісханов атқарды. Мәтінге корректорлық және редакторлық түзетуді О. Мысыр жасады.

Әдебиеттер тізімі

Paula N. Doumani Dupuy, Aidyn S. Zhuniskhanov, Elissa A. Bullion, Galymzhan K. Kiyasbek, Zhuldyz Kh. Tashmanbetova, Erbolat Z. Rakhmankulov, Amantay I. Isin The newly discovered bronze age site of Koken: Merging micro-regions with major study zones in the high steppes of Kazakhstan // Archaeological Research in Asia, Volume 27, 2021, 100292, ISSN 2352-2267, <https://doi.org/10.1016/j.ara.2021.100292>.

Samashev Z. "Written stones" in the cult-ritual everyday life of paleometal era // World of Great Altay 6(2) 2020. 861-888 pp.

Адрианов А.В. К археологии Западного Алтая (Из поездки в Семипалатинскую область в 1911 г.) // Известия ИАК. Пг., 1916. Вып. 62. С. 1-92.

Айткали А., Жунисханов А, Рахманкулов Е., «Исследование курганов ранних кочевников Семейского Прииртышья» // Археология Казахстана, Т. 21, вып. 3 (21), сс. 82-94, сен. 2023.

Айткали А., Жунисханов А. Семей өңіріндегі ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеудің алғашқы нәтижелері // Марғұлан оқулары –2022. Алматы, 2022. 291-295 бб.

Айткали А.К., Жунисханов А.С., Каримов М. К., Исин А. И. Рахманкулов Е.Ж. Новые памятники эпохи бронзы горного массива Кокентау // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: Сб. науч. трудов XVI Междунар. науч.-практ. конф. 28-29 сентября 2017 г., Усть-Каменогорск. – Усть-Каменогорск: «МедиаАльянс», 2017. С. 18-23.

Арсланова Ф.Х. Курганы с «усами» Восточного Казахстана // Древности Казахстана. Алма-Ата: Наука. С. 116-129.

Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, 1993. – 192 с

Бейсенов А.З. Околокурганые жертвенники как разновидность памятников тасмолинской культуры // Вестник Томского государственного университета. История. 2015. № 4 (36). С. 96-104.

Грязнов М.П. Памятники майэмисского этапа эпохи ранних кочевников на Алтае. // КСИИМК. 1947. Вып. XVIII. С. 9-17.

Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Художественные бронзы Жетысу. – Алматы, 2013. – 120 с.

Дюмани Дюпюй П.Н., Жунисханов А.С., Буллион Э., Рахманкулов Е.Ж., Киясбек Г.К., Ташманбетова Ж.Х., Исин А.И., Меркл Э., Гумирова О. Археологические исследования памятника

Кокен (Восточный Казахстан): Предварительные результаты // Маргулановские чтения – 2020: материалы международной научно-практической конференции «Великая Степь в свете археологических и междисциплинарных исследований» (г. Алматы, 17–18 сентября 2020 г.). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. Т. 2. С. 70-83.

Доумани Дюпюй П., Ташманбетова Ж. Киясбек Г., Мерц В., Койл Р., Жунисханов А., Самашев З. «Самое древнее захоронение человека в Казахстане: по неолитическим находкам поселения Кокен» // Археология Казахстана, Т. 21, Вып. 3 (21), сентябрь 2023 г., сс. 164-86, doi:10.52967/akz2023.3.21.164.186.

Жүнісханов А., Құрманғалиев А., Айтқали А., Рахманқұлов Е., Жанғалиев Ұ. Көкендегі ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің аза тұту кешендері // «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (29 қазан 2021 ж.). Өскемен, 2021. С. 138-145 бб.

Коншин Н.Я. О памятниках старины в Семипалатинской области // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. – Выпуск I. – Семипалатинск, 1903. С. 1–32.

Кубарев Г.В., Нускабай А. Раннесредневековые поминальные оградки Семиречья: новые данные // Поволжская археология №1 (39) 2023. С. 72-86. <https://doi.org/10.24852/ra2023.2.44.72.86>

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1–том. – Алматы: DPS, 2011. – 736 б. (иллюстрацияланған)

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК “СЛОН”, 2012. 3-том: К-Қ – 736 б.

Любчанский И. Э. 2006. Курганы с усами: типология и хронология // Археология Южного Урала. Степь (проблемы культурогенеза). Челябинск. С. 386–408.

Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. // Алма-Ата: 1966. 436 с.

Матренин С.С., Сарафанов Д.Е. Классификация оградок тюркской культуры Горного Алтая // Изучение историко-культурного наследия народов Южной Сибири. Горно-Алтайск, 2006. Вып. 3,4. С. 203-219.

Отчет о деятельности Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского Географического общества за 1911 г с протоколами заседаний Распорядительного комитета и общих собраний членов подотдела // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. – Выпуск IV. – Семипалатинск, 1912. С. 1–49.

Самашев З. Писаницы горы Кокентау в Восточном Казахстане // Учёные записки музея-заповедника «Томская Писаница». 2023. Выпуск 17. С. 140-158.

Самашев З., Доумани Дюпюй П., Айтқали А., Жунисханов А., Рахманқұлов Е., Киясбек Г., Ташманбетова Ж., Құрманғалиев А. Предварительные результаты исследования Памятников эпохи бронзы горного массива Кокентау в 2020 г. // Алтай – Түркі әлемінің алтын бесігі / бас редактор – Даниал Ахметов – Өскемен, 2020. С. 105-115.

Самашев З., Чотбаев А., Жалмағамбетов Ж., Кариев Е., Айтқали А., Ахметов М. Каракаба: первые результаты исследований // Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. Всадники Великой степи: традиции и новации. – Астана: Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2014. С. 207-247.

Айдын Жунисханов, Арман Курманғалиев, Олжас Мысыр

Назарбаев Университет, Астана, Қазақстан

Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

«Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан

Поминальные памятники ранних и средневековых кочевников археологического комплекса Кокентау

Аннотация. В статье представлены результаты полевых исследований и интерпретации материалов поминальных комплексов древних и средневековых кочевников Кокентауского археологического микрорайона. Памятник расположен на территории Жанасемейского района области Абай. Авторы в данном археологическом микрорайоне ведут работы по выявлению, систематизации, исследованию и введению в научный оборот поминальных памятников. Предлагаемая статья является одним из первых попыток введения в научный оборот поминальных памятников раннего сакского и древнетюркского периодов. Первые свидетельства об освоении сакрального пространства в Кокентауском горном массиве начинаются в неолите. Древние люди в целях увековечения памяти своих умерших соплеменников начали воздвигать погребально-поминальные сооружения, где проводили различные поминальные ритуалы. Главным составляющим элементом поминальной традиции является курган, но также в эту же категорию можно отнести оградки, мегалитические сооружения и каменные изваяния. Авторы статьи, на основе материалов Кокентауского горного массива, показывают, как изменение религиозного мировоззрения общества повлияло на архитектурную планировку поминальных памятников и на ритуалы. Хронологические рамки восьмикаменника были определены на основе сравнительного и радиоуглеродного анализа. Для определения времени возведения оградки древнетюркского времени были использованы методы сравнительного анализа с аналогичными объектами Семиречья и Саяно-Алтая.

Ключевые слова: археология; Кокен; поминальные комплексы, кочевники; восьм-каменники; оградки.

Aidyn Zhuniskhanov, Arman Kurmangaliyev, Olzhas Mysyr

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

«Alikhan Bokeikhan University» Semey, Kazakhstan

Memorial monuments of early and medieval nomads of the archaeological complex Kokentau

Abstract. The article presents the results of field research and interpretation of materials from memorial complexes of ancient and medieval nomads of Kokentau archaeological microregion. The monument is located in the Zhana Semey district of the Abai region. The authors are conducting work in this archaeological microregion to identify, systematize, study, and introduce memorial sites

into scientific circulation. The proposed article is one of the first attempts to introduce into scientific circulation memorial sites of the early Saka and ancient Turkic periods. The first evidence of the utilization of sacred space in the Kokentau mountain range begins in the Neolithic period. Ancient people began to erect burial-memorial structures to perpetuate the memory of their deceased compatriots, where various memorial rituals were conducted. The main component of the memorial tradition is the burial mound, but also included are fences, megalithic structures, and stone sculptures. The authors of the article, based on the materials of the Kokentau mountain range, demonstrate how changes in society's religious worldview influenced the architectural layout of memorial sites and rituals. The chronological framework of the "eight-stone" structures was determined based on comparative and radiocarbon analysis. Comparative analysis methods with similar objects from the Semirechye and Sayan-Altai regions were used to determine the time of construction of the ancient Turkic fence.

Keywords: archaeology; Koken; memorial complexes; nomads; eight-stone; structures; fences.

References

Adrianov A.V. K arkheologii Zapadnogo Altaja (Iz poezdki v Semipalatinskiju oblast' v 1911 g.) [On the archeology of Western Altai (From a trip to the Semipalatinsk region in 1911)], 62, 1–92 (1916) [in Russian].

Aitkali A., Zhuniskhanov A, Rakhmankulov E., Issledovanie kurganov rannih kochevnikov Semejskogo Priirtysh'ja [Study of the mounds of the early nomads of the Semey Irtysh region], 3 (21), 82–94 (2023) [in Russian].

Aitkali A.K., Zhuniskhanov A.S., Karimov M.K., Isin A.I. Rakhmankulov E.Zh. Novye pamjatniki jepohi bronzy gornogo massiva Kokentau [New monuments of the Bronze Age of the Kokentau mountain range] (Ust-Kamenogorsk, 2017. – pp. 18-23) [in Russian].

Aitkali A., Zhuniskhanov A. Semey unirindegі erte temir dauiri eskertkisherin zertteudin algashqy natizheleri [The first results of research on the monuments of the early Iron Age of Semey], Almaty, 2022. – pp. 291–295 [in Kazakh].

Arslanova F.Kh. Kurgany s «usami» Vostochnogo Kazahstana [Mounds with “mustaches” of Eastern Kazakhstan] (Alma-Ata, 1975, – pp. 116–129) [in Russian].

Bartold V.V. Tjurki: Dvenadcat' lekcij po istorii tureckih narodov Srednej Azii [Türks: Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia] (Almaty, 1993, 192 p.) [in Russian].

Beisenov A.Z. Okolokurgannye zhertvenniki kak raznovidnost' pamjatnikov tasmolinskoj kul'tury [Near-mound altars as a type of monuments of the Tasmolin culture]. 4 (36), 96–104 (2015) [in Russian].

Doumani Dupuy P.N., Zhuniskhanov A.S., Bullion E., Rakhmankulov E.Zh., Kiyasbek G.K., Tashmanbetova Zh.Kh., Isin A.I., Merkle E., Gumirova O. Arheologicheskie issledovaniya pamjatnika Koken (Vostochnyj Kazahstan): Predvaritel'nye rezul'taty [Archaeological research of the Koken monument (East Kazakhstan): Preliminary results]. 2, 70-83 (2020) [in Russian].

Doumani Dupuy, P., Zh. Tashmanbetova, G., Kiyasbek, V. Merz, R. Coyle, A. Zhuniskhanov, Z. Samashev Samoe drevnee zahoronenie cheloveka v Kazahstane: po neoliticheskim nahodkam poselenija Koken [The most ancient human burial in Kazakhstan: based on the Neolithic finds of the Koken settlement]. 3 (21), 164-86 (2023) [in Russian], doi:10.52967/akz2023.3.21.164.186.

Dzhumabekova G.S., Bazarbaeva G.A. Hudozhestvennye bronzy Zhetysu [Artistic bronzes of Zhetysu]. (Almaty, 2013, 120 p.) [in Russian].

Gryaznov M.P. Pamjatniki Majjemirskogo jetapa jepohi rannih kochevnikov na Altae [Monuments of the Mayemir stage of the era of early nomads in Altai]. XVIII, 9-17 (1947) [in Russian].

Konshin N.Ya. O pamjatnikah stariny v Semipalatinskoj oblasti [About ancient monuments in the Semipalatinsk region]. (Semipalatinsk, 1, 34 (1903) [in Russian].

Kubarev G.V., Nuskabay A. Rannesrednevekovye pominal'nye ogradki Semirech'ja: novye dannye [Early medieval Memorial enclosures in Semirechye: new data]. 2 (44), 72-86 (2023) [in Russian]. <https://doi.org/10.24852/pa2023.2.44.72.86>

Lyubchansky I. E. Kurgany s usami: tipologija i hronologija [Mounds with mustaches: typology and chronology]. (Chelyabinsk, 2006. – pp. 386–408) [in Russian].

Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. Drevnjaja kul'tura Central'nogo Kazahstana [Ancient culture of Central Kazakhstan]. (Alma-Ata, 1966, 436 p.) [in Russian].

Matrenin S.S., Sarafanov D.E. Klassifikacija ogradok tjurkskoj kul'tury Gornogo Altaja [Classification of enclosures of the Turkic culture of the Altai Mountains]. 3,4, 203-219 (2006) [in Russian].

Otchet o dejatel'nosti Semipalatinskogo podotdela Zapadno-Sibirskogo otdela Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo obshhestva za 1911 g s protokolami zasedanij Rasporjaditel'nogo komiteta i obshhih sobranij chlenov podotdela [Report on the activities of the Semipalatinsk Subsection of the Western Siberian Division of the Imperial Russian Geographical Society for the year 1911, including protocols of meetings of the Steering Committee and general meetings of subsection members]. (Semipalatinsk, 1912. – pp. 1–49 [in Russian].

Paula N. Doumani Dupuy, Aidyn S. Zhuniskhanov, Elissa A. Bullion, Galymzhan K. Kiyasbek, Zhuldyz Kh. Tashmanbetova, Erbolat Z. Rakhmankulov, Amantay I. Isin The newly discovered bronze age site of Koken: Merging micro-regions with major study zones in the high steppes of Kazakhstan // Archaeological Research in Asia, Volume 27, 2021, 100292, ISSN 2352-2267, <https://doi.org/10.1016/j.ara.2021.100292>.

Qazaqtıń étnografıyalıq kategorıyalar, uǵımdar men atawlarınıń dástúrli júyesi. Énciklopediya [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia] (Almaty, 2011, 736 p.) [in Kazakh].

Qazaqtıń étnografıyalıq kategorıyalar, uǵımdar men atawlarınıń dástúrli júyesi. Énciklopediya [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia] (Almaty, 2012, 736 p.) [in Kazakh].

Samashev Z. “Written stones” in the cult-ritual everyday life of paleometal era // World of Great Altay 6(2) 2020. 861-888 pp.

Samashev Z. Pisanicy gory Kokentau v Vostochnom Kazahstane [The rock art of the Kokentau mountain in east Kazakhstan]. 17, 140-158 (2023) [in Russian].

Samashev Z., Chotbaev A., Zhalmagambetov Zh., Kariev E., Aitkali A., Akhmetov M. Karakaba: pervye rezul'taty issledovanij [Karakaba: first research results]. Astana, 2017. – pp. 207-247) [in Russian].

Samashev Z., Doumani Dupuy P., Aitkali A., Zhuniskhanov A., Rakhmankulov E., Kiyasbek G., Tashmanbetova Zh., Kurmangaliev A. Predvaritel'nye rezul'taty issledovanija Pamjatnikov jepohi bronzy gornogo massiva Kokentau v 2020 g. [Preliminary results of excavations of the bronze age monuments of the Kokentau mountain range in 2020], (Uskemen, 2020. – pp. 105-115) [in Russian].

Shvetsov M.L. Kotly iz pogrebenij srednevekovykh kochevnikov [Cauldrons from the burials of medieval nomads]. 2, 192–202 (1980) [in Russian].

Suleimenov M.G. Otchet o razvedke arheologicheskikh pamjatnikov v Zhanasemejskom rajone Semipalatinskij oblasti Respubliki Kazahstana v 1991 godu [Report on the exploration of archaeological monuments in the Zhanasemeysky district of the Semipalatinsk region of the Republic of Kazakhstan in 1991], Scientific archive of the MIA CS MSHE RK. F. 2355, in. 1, f. 25. [in Russian].

Zhuniskhanov A., Kurmangaliev A., Ajtkali A., Rahmanqulov E., Zhangaliev U. Kokendegi ezhelgi zhane ortagasyrlyқ koshpelilerdin aza tutu keshenderi [Memorial monuments of early and medieval nomads of Kokentau], (Uskemen, 2021. – pp. 138-145) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер / Information about the authors / Сведения об авторах:

Жүнісханов Айдын Сенғалиұлы – PhD докторант, Назарбаев Университетінің Қазақ тілі және түркітану департаментінің оқытушы ассистенті, Қабанбай батыр даңғ., 54, 010000 Астана, Қазақстан.

Zhuniskhanov Aidyn Sengalievich – Doctoral Candidate, teaching assistant at the Department of Kazakh Language and Turkology at Nazarbayev University, Kabanbay Batyr Ave., 53, 010000, Astana, Kazakhstan.

Жунисханов Айдын Сенгалиевич – PhD докторант, ассистент преподавателя департамента казахского языка и тюркологии Назарбаев Университета, пр. Кabanбай батыра, 53, 010000, Астана, Казахстан.

Құрманғалиев Арман Қайратұлы – магистр археологии, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері, Тәуелсіздік даңғ., 54, Астана, Қазақстан.

Kurmanaliyev Arman Kairatovich – master of archaeology, research fellow at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Tauelsizdik Ave., 54, 010000, Astana, Kazakhstan.

Қурманғалиев Арман Кайратович – магистр археологии и этнологии, научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, пр. Тауелсиздик, 54, 010000, Астана, Казахстан.

Мысыр Олжас Дәуренұлы – «Alikhan Bokeikhan University» Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының PhD докторанты, Мәңгілік ел, Мәңгілік ел көш., 22, 070000, Семей, Қазақстан.

Mysyr Olzhas Daurenovich – PhD candidate at the Department of History and Social Sciences of «Alikhan Bokeikhan University», st. Mangilik el, 22, 070000, Semey, Kazakhstan.

Мысыр Олжас Дауренович – PhD докторант кафедрѳы истории и социально-гуманитарных наук университета «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мангилик ел, 22, 070000, Семей, Казахстан.